

Халыктан “Халыкка” хат

Құрметті «Халық» газетінің редакциясы! Осы хатым- арқылы Сіздерге томендегіше жағдайымды білдіремін. Мен бес баланың әкесімін. Жолдасым Багила Құрманалиева ауылдағы №94 мектепте тарих- пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Жалақы-сы – 100 мың теңге. Анам Айдай – зейнеткер, 36 мың теңге зейнетақы алады. Анам жиі сырқат-танып қалады. Зейнетқысы дәрі-дәрмегіне жұмсалады. Отбасымдағы бес баламның тәртібі мектепте оқиды.

Мен екі жылдан бері ауыл мектебінде қысқы мерзімде бұл қазандығының операторы болып жұмыс істедім. Осы аралықта ешқандай басшыларым тарапынан сын-ескертпе алғаным жоқ. Тиісті құжатым- да бар. Жуырда ауылдағы жұмыспен қамту комиссиясының отырысы осылай шешті деп, мені бұрынғы жұмысыма қабылдамады. Себебі «әйелін мектепте жұмыс істейді, анан пенсия алады» дейді. Ал олардың алатын ақшасы сегіз адамға болғанда жетпейді. Осылайша менің орныма әйелі бала-бақшада толық стажбен жұмыс істейтін адамды алды. Оның бір кішкентай баласы бар. Озі вахтада жұмыс істейтін еді. Жұмыссыздыққа да жақында тіркелген. Мен болсам бұрыннан бері жұмыс-сыздықта тұрақты тіркеудемін. Осылайша қазір жұмыссыз қалдым. Осы да әділеттілік пе? Осы отінішімді газет бетінде жариялап, мәселені тиісті орындарға жеткізуге ықпал етсеңіздер екен.

Руслан ЕСНАЗАРОВ,

Жанқожа батыр ауылының тұрғыны,

Қазалы ауданы